



# ЖАҢА ОМІР

МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

№ 52 (10305)  
24 қазан, 2018 жыл

zhanaomir@bk.ru

www.mangystaumedia.kz

Газет 1941 жылдың 27 желтоқсанынан шыға бастады

Газет әр аптаның сәрсенбі күні шығады

## Жолдауға қолдау

Мемлекет басшысының Жолдауы халық арасында кеңінен талқыланып, қолдауға ие болуда. Елбасы айқындап берген бағыт бойынша атқарылатын жұмыстар тиісті деңгейде жүзеге асырылса, еліміздің даму көрсеткіші ілгерілейтіні анық.

# НАҚТЫ ІСТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫМЫЗ КЕРЕК

Елбасымыз халыққа арнаған Жолдауында өзіміздің ауылшаруашылық өнімдерін тұтынатын уақыт жеткенін айтты. Еңбек өнімділігін арттыруды алдымызға міндет етіп қойды. Елбасы Жолдауын біздің аудан көлеміндегі ауылшаруашылық өнімдерін өндіретін кәсіпкерлер қатары құптап, халық қолдап отыр.

Сонымен қатар алдағы 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялаған Мемлекет басшысы жастардың барлық санатына қолдау

көрсететінін айтты. Қоғамымызда соңғы кезде талқыланып жүрген мәселелердің бірі – халықтың әл-ауқатын арттыру, тұрмыс жағдайын көтеру, баспанамен қамтамасыз ету, тарифтерді реттеуді шешу үшін Елбасымыз нақты ұсыныстар енгізді. Ең төменгі жалақыны 1,5 есе көбейту халықтың тұрмыс деңгейін жақсартуға оң әсерін тигізетіні анық. Халықтың әл-ауқатын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған Елбасының ұсыныстарын, Жолдауда көтеріл-

ген мәселелерді жүзеге асыруға күш салуымыз керек. Ел болып бірігіп, нақты істерді жүзеге асыруымыз керек деп ойлаймын.

Кеше ғана торқалы тойын атап өткен біздің ауданымыз қай жағынан алып қарасақ та өсіп, өнген аудан. Олай дейтініміз халықтың әл-ауқаты жыл өткен сайын артып келе жатқандығын күнделікті тұрмыс-тіршілігінен көріп отырмыз. Әсіресе біздегі ауылшаруашылық, кәсіпкерлік, мәдениет, спорт сынды

салалардың қарыштап дамып, алға басып бара жатқандығы анық байқалып тұр. Алдағы уақытта Елбасы айтқан мәселелер жергілікті жерде оң шешімін тапса, ауданымызда арман болған кей жәйттар ақиқатқа айналары анық.

**А.ТОҒЫЗБАЙ,**  
аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы

## Кәсіпкерлікті қолдау

# Жоба нәтижесімен ҚҰНДЫ

Кез-келген елдің экономикасының негізі – шағын және орта кәсіпкерлік. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы жаңа жұмыс орындар ашуға үлкен мүмкіндіктер бар. Бұл туралы Елбасы Н.Назарбаевтың шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған Жолдауында айтылған болатын.



Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды одан әрі ынталандыру үшін мемлекетіміз көптеген жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруда, екінші деңгейлі банктерге қаражат құюда. Елімізде кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыссыздар қатарын азайтып, жұмыс орындарын ашу бұл – Елбасының алдына қойған негізі бағыттарының бірі. Елбасы тапсырмасына орай облыс әкімі Е.Тоғжанов өткен жылы арнайы бағдарлама жасақтап, екінші деңгейлі банктермен және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен бірлесіп «Нұр-Капитал» жобасын қолға алған болатын.

Елді мекендерде шағын және орта бизнесті дамыту үшін аталған жоба ағымдағы жылы жүзеге асырылып, 1 кезеңде біздің ауданнан 4 жоба мақұлданды, екінші кезеңде 5 жоба, үшінші кезеңде 14 жоба қолдауға ие болды.

Жуырда «Нұр-Капитал» өңірлік бағдарламасын кәсіпкерлерге түсіндіру мақсатында аудан әкімдігінің мәжіліс залында Ашық есік күні өткізілді. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының мамандары мен екінші деңгейдегі «Сбербанк» және «БанкЦентрКредит» банктерінің шағын және орта бизнес бөлімінің менеджерлерінің қатысуымен өткен жиында аудан кәсіпкерлері аталған бағдарлама туралы толыққанды мағлұмат алды, банк менеджерлері Үкімет тарапынан көрсетілетін жеңілдіктер жөнінде және банктің талаптары туралы кәсіпкерлерге түсіндірді. Жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалық иелері өздерінің бағдарламаға қатысты сұрақтарына тұшымды жауаптарын алды.

Сондай-ақ екінші деңгейдегі банк менеджерлері банк арқылы көрсетілетін қызметтер жөнінде де тоқталып өтті. Банктерге бағдарлама бойынша бөлінген қаражат қыркүйек айынан басталды. Қазіргі таңда ауданымыздан мақұлданды бір жоба тиісті қаражатын алса, қалған жобалар бойынша құжат тапсырылып жатыр.

Ж.АМАНҚҰЛОВА

## Сүйінші

# Ата кәсіп – ардақты өнерден алдыңғы орын – ауданымызда

Соңғы күндері нәсерлеткен жақсы жаңалықтарымыз тағы бір қуанышты хабармен, айтулы жеңіспен толықты. Ол - Астанада өткен Күнтуған Тоқтыбайұлы атындағы халықаралық турнирде бүркіт пен ителгісін қатар жарысқа қосып, бүркіттен 3-орын, ителгіден 1-орын алған Тайманов Айшуақтың жеңісі еді.



Маңғыстауда ата кәсіп-саятшылықты дамытып жүрген ат төбеліндей ғана азаматтар бар. Олардың дені – Тұщыбек ауылының тұрғындары. Айшуақ та осы ауылдың тұрғыны, жастайынан ит жүргіріп, құс салып, ата кәсібімізді қадір тұтқан елжанды азаматтардың бірі. Бүгінде көзден бұл-бұл ұшқан әдемі өнерді әрлеп жүрген жерлесімізге жеңіс құтты болсын демекпіз!

Өз тілшіміз

# «ЖАҢА ӨМІРГЕ» ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР! ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ, ҚАДІРЛІ МАҢҒЫСТАУЛЫҚТАР!

Ғасырға жуық тарихы бар көрі шаңырақ – Маңғыстау ауданының 77 жыл бойы жаңалық жаршысы болған өзіңіздің «Жаңа өміріңізге» жазылу жүріп жатыр. Аудан тынысын әр апта сайын оқырманға жеткізіп отырған ата басылымға жазылуды ұмытпаңыздар! Жазылу бағасы төмендегідей:

Санаты	индекс	Пошта арқылы жазылу бағасы		Редакция арқылы жазылу бағасы
		Қала бойынша	Ауыл бойынша	
Заңды тұлға	15612	3091,08	3314,52	2400
Жеке тұлға	65612	2131,08	2354,52	1440







# БІРТЕКТІЛІК ПЕН БІРЛІК ЕЛ ЫНТЫМАҒЫН



Н а қ т ы  
қ а д а м

## НЫҒАЙТАДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жаһандық сын қатерлерге жауап ретінде қабылдаған «Қазақстан 2050» Стратегиясы аясында әзірленген «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары-100 нақты қадам реформасын жүзеге асыру жөніндегі бес институционалдық бөлімнен құралған. Олар: кәсіби мемлекеттік аппарат құру, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, индустрияландыру және экономикалық өсім, біртектілік пен бірлік, есеп беретін мемлекетті қалыптастыру.

Ұзақ мерзімді қамтитын Ұлт жоспарындағы бес реформаның бірі-«Біртектілік пен бірлік».

Кезінде тағдырдың жазуымен қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлт өкілдері қоныс теуіп, бүгінде олар тегі басқа болса да теңдігі бір, қаны басқа болса да жаны бір, арманы ортақ біртұтас елге айналды. Этностық, мәдени және діни әр алуандыққа қарамастан елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтаған, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім басты құндылығына айналған 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін Қазақстан туған шаңырағына айналды десек, артық айтқандық емес.

«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Жолдауында Елбасы «Еліміздің дамуына барша ұлт пен ұлыс өкілдері бірге үлес қосты. Еңдеше тәуелсіз қазақ елінің азаматтарын алалауға, бауырластығын бұзуға ешкімнің қақысы жоқ. Барлық ұлт өкілдерімен тіл табысып, тату-тәтті, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру – барша қазақтың басты қағидасы болуы шарт. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген жан өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды»,-деген болатын. Бірлікке апаратын жолдағы кедергілерді болдырмау - әр адамның міндеті. Өз шекарамыздың шегіндегі жеріміз, оны көркейткен ата-аналарымыз, сәтсіздіктердің ауырталығын бірге көтеріп, жетістіктеріміздің қуанышын бірге бөліскен ортақ тарихымыз, ата-ана алдындағы борышымызды ұғыну мен балалаларымыздың өмірін одан әрі жақсарту түсуге деген ұмтылысымыз бірлік пен топтасу үшін нақты тұғыр болып табылады. Бес реформаны ұсына отырып, Елбасы қазақстандықтардың біртектілігін нығайтуды атап өтті. Осыған байланысты бірқатар бағдарламалар әзірленді. Ұлт жоспарының 85 - қадамы «Мәңгілік ел» патриоттық актісі жалпұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы оларды бүкіл қазақстандықтардың бойына сіңіруге бағытталған. Ұлт жоспарының 86-қадамында «Үлкен ел-үлкен отбасы» кең көлемді жобасы қазақстандықтардың біртектілігін нығайтып, азаматтық қоғамның бүтіндігін қалыптастыру, 87-қадамында «Менің елім» ұлттық жобасы аясында елдің әрбір азаматына және шетелдік туристерге еліміз туралы көбірек мағлұмат беретін «Қазақстан энциклопедиясы» кең көлемді интернет жобасын құру мәселелері қарастырылған.

«Қазақстан-2050» стратегиясын табысты жүзеге асырудың негізгі факторы болып табылатын қоғамдық келісімді, қазақстандық біртектілік пен бірлікті дамытуға байланысты барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының жұмысын үйлестіруші ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институттық рөлі күшейтілді. Қазақстан –көп ұлтты мемлекет. Бір шаңырақ астында бейбіт ғұмыр кешіп келе жатқан ұлыстардың қай бағытта болмасын құқығы қорғалуға, Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді.

Ел ертеңін ойлайтын әрбір азамат ұлт пен жерге бөлінбей, ұсақ-түйек түсініспеушіліктен үлкен саяси астар іздемей, еліміздің жарқын болашағы мен ел бірлігі үшін біртектілік пен татулықта қызмет етуі тиіс. Ел бірлігі-кез-келген тығырықтан алып шығар басты құндылығымыз.

Ғ.АУДАНБАЕВА,  
аудандық әділет басқармасының басшысы

### • Бір терезе

## КОМПОЗИТТІК ҚЫЗМЕТТІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

«Бір терезе» қағидатын қолдана отырып, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау жөніндегі бірыңғай өтінімді ұсыну бойынша жаңа композиттік қызметті жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 9 қазандағы № 624-ші қаулысы негізінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларын және зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042-ші қаулысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

Енді зейнеткерлік жасқа толған азаматтар «Бір терезе» қағидаты бойынша жасына байланысты зейнетақы төлемдері мен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы төлемдерін алу үшін бірыңғай өтінім мен құжаттар топтамасын тек бір жерге – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының халыққа қызмет көрсету орталығына тапсырулары қажет. Зейнетақы төлемдерін рәсімдеу жөніндегі өтініш негізінде алушыға (үнсіз келісім бойынша) мемлекеттік кепілдік бойынша айырма сомасын (инфляция деңгейін ескере отырып, зейнетақы жинақтарының сомасы және нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары сомасы арасындағы айырма) төлеуге қатысты алдын алу қызметі көрсетіледі. Яғни бұл үшін бөлек өтініш берудің қажеті жоқ.

Бұл ретте қордан алғашқы төлемдер зейнет жасына толған алушының банк шотына оның өтініші мемлекеттік

корпорацияға тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде немесе зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алу құқығы туындаған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Әрі қарай қор төлемдері мен бюджет есебінен берілетін зейнетақы төлемдері мемлекеттік корпорация бекіткен кесте бойынша ай сайын алушының өтінішінде көрсетілген банк шотына бір мезгілде аударылып отырады.

Бұл өзгерістер зейнеткерлік жасқа толуға байланысты зейнетақы төлемдерін алушылардың мүдделері үшін енгізіліп отыр.

Бұл ретте БЖЗҚ-ның басқа қызметтері мен міндеттері, оның ішінде шетелге тұрақты тұруға кету, мүгедектік, жерлеу және мұрагерлікке байланысты төлемдер мен ерікті зейнетақы жарналары бойынша төлемдерді жүзеге асыру, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан ай сайынғы зейнетақы төлемдерін есепке алу, есептеу мәселелері және стратегиялық міндеттер сол өзгеріссіз күйінде қалады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді.

А.ҚҰРМАНБАЕВА,  
«БЖЗҚ» Маңғыстау аудандық филиалы директоры

### • Жолдау және жастар

Елбасының қазан айындағы Қазақстан халқына жолдаған Жолдауын аудан жастары қуанышпен қарсы алды. Мемлекет басшысының «Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын» деген сөзі жұма күннің жақсы бір жаңалығы болғандай болды. Елбасының Қазақстан халқына кезекті Жолдауын біз үлкен ықыласпен қабылдадық. Жолдауды тікелей эфирден үлкен мұқиятпен тыңдадық. Көптеген өзекті мәселелерді түртіп алдық.

## ЖҰМЫСЫМЫЗҒА ЖАҢА СЕРПІН БЕРМЕК

Әрбір қазақстандық Елбасы жүргізіп жатқан реформалардың мәнін, мәнісін жіті түсінуі тиіс. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы жастар арасында ғана емес, халық арасында жаппай қолдауға ие болды. Қоғамдағы жаңғыру үрдістеріне тың серпін беретін бағдарлама аясында ауданда көптеген шаралар қолға алынды.

Мемлекет басшысы жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуы тиістігін атап өтті. «Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынамын», - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Аудан өкімдігінің «Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Жас Отан» ЖҚ МАФ, «Каспийцемент» ЖШС жанындағы жастар ісі комитеті, Маңғыстау техникалық колледжі жанындағы жастар ісі комитеті, Маңғыстау аудандық орталық ауруханасының жас мамандар кеңесімен бірлесе қызмет атқарады.

Аудан халқының 29 пайызын жастар құрайды, жұмыссыз жастар саны - 989. Биылғы жылы «Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша 111 адам жұмыспен қамтылды.



758 жас жоғары оқу орындарында, 842 жас колледждерде білім алуда. Биылғы жылы «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 78 жас маманға 148,470 теңге бір жолғы көтерме жәрдемақы берілді. Осы бағдарлама аясында 35 маманға 3181500 теңгеге несиеге үй берілді. Елбасының халықтың әл-ауқатын көтеру бағытындағы тағы бір тапсырмасы елді мекендерде кәсіпкерлікке жол ашу болып табылады. Осы бағытта да аудан жастары кәсіпкерлікке қарай бағытталап келе жатқанын ауданда тіркелген 2250 кәсіпкердің 1745-і жас кәсіпкерлер екенінен байқауға болады.

Жастардың еңбекке деген ынтыасы да жылдан жылға артып келеді. Соңғы жылдары қолға алынған «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша маусым айында 100 жас сарбаз (40 жасқа ауылдарда, 60 жасқа Шетпе басында) ауданның абаттандыру жұмыстарында еңбек етіп, жазға демалыс уақыттарын тиімді пайдаланды.

Жыл ішінде бөлімде түрлі шаралар ұйымдастырылып, спорттық жарыстар өткізілді. Ауданның 90 жылдығына орай жастар арасында тарихи танымдық, мәдени, спорттық іс-шаралар, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Туған жерге тағзым» шарасы негізінде Бекідегі Есен ата, Шебірдегі Қаратөбе, Жиыңғылдыдағы Құнан ата, Өтестегі Қарақисі қорымдарын аралап, тарихи жерлерді таныстыру мақсатында өткен шараға 200-ден астам жастар қамтылды.

Өзіміздің төл туындыларымыз «Тарих. Тұлға. Туған жер» жобасына он жыл болды. «Ұлы дала ұрпағы» жобасы өлкеге танымал тұлғалармен кездесу, «Туған жерге тағзым», «Ауылым - алтын бесігім» жобасы бойынша өлкеміздегі тарихи орындар мен киелі жерлерімен таныстыру, жастар арасында суицид пен нашақорлықты алдын алу үшін «Суицид - қауіпті дерт» жобасы бойынша аудан мектептерінде белгілі дәрежеде шаралар ұйымдастырылды.

Ал «Ұлы дала ұрпағы» жобасы аясында биылғы жылы халық емшісі Айнұр Асқарқызы, бард әнші Данияр Аралбаев, әнші, сазгер Марат Ордабаевпен кездесулер өткізілді.

Елбасының келер жылды «Жастар жылы» деп белгілеуіне орай аудан көлемінде аудан жастарының патриоттық, қоғамдық іс-шараларын жоғары дәрежеде ұйымдастыру үшін 20-млн.-ға жуық қаражат жоспарлануда. Аудандық жастар орталығы жанынан Биыл Үкіметтің тапсырмасына орай жастарға арналған коворкинг орталығын ашу жоспарлануда. Бұл ретте аудан бюджетінен 2 млн. 500 мың теңге қаражат бөлінді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша 127 іс-шара, спорттық мәдени шаралар бойынша 67, жастардың патриоттық акциясын өткізу үшін 34 шара ұйымдастыру, «Жастар практикасы» бойынша 170-тен астам жасты жұмыспен қамту жоспарланып отыр. «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 150-ге жуық адамды қамту жоспарда тұр. Сонымен қатар Әділбек Ниязымбетов, Марат Жакиев, Марат Себасов, Әбілқайыр Спанов, Темір Мыңжаспен жастардың спортқа, туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін нығайту мақсатында жастар арасында кездесу алдағы күннің еншісінде тұр.

Қазақстанның болашағы жастарға үлкен сенім мен жауапкершілік артқан Елбасы Жолдауы ел болашағына артқан міндеті деп білеміз. Елбасы тапсырмалары мен қолдаулары арқылы ауылдарда шағын және орта бизнесті дамытып, білім алып, Қазақстанды Елбасымызбен биік белестерді бірге бағындыратын боламыз.

А.ҚОНАРБАЕВ,  
аудандық жастар орталығының басшысы





• **Бәрекелді!**



Жуырда ғана өткен «Тәттілер» жәрмеңкесі мектеп қабырғасында өтетін әрбір шараның тәрбиелік мәні зор екендігінің дәлелі болды. Жәрмеңкеге 5-11 сынып оқушылары, ата-аналары, сынып жетекшілері белсене

қызығушылықпен қатысқан жәрмеңкеден түскен қаражатқа әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасынан шыққан оқушыларға аяқ киім, ер балалар мен қыз балалардың

# ЖАҢА МЕКТЕП - ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Биыл 600 балаға есігін айқара ашқан №7 мектеп-лицейде түрлі танымдық, тәлімдік, мәдени-көпшілік шаралар жиі өтіп келеді. Алғашқы оқу жылы болса да мектеп басшылары мен ұстаздар қауымы ауқымы кең шаралар ұйымдастыруға күш салып, бағуда.

## МЕКЕНІ

атсалысты. Бұл күні мектептің дәлізі үлкен сауда алаңына айналды. Оқушылар өздері пісірген пицца, торт, бәліш сынды тәттілерді арзан бағамен сатты. Барлық сынып оқушылары

жылы жемпірлері және оқу құралдары сатып алынды. Мұндай іс-шаралар оқушылардың мейірімді, қамқор болып өсуіне зор ықпалын тигізді. Балаларының осындай игі шараға қатысуына жағдай жасап, балаларды қайырымдылық жасауға үндеген барлық ата-анаға мектеп ұжымының алғысы шексіз.

**Гауһар ТЕЛЕҒСОВА,**  
№7 мектеп-лицейдің мұғалімі



• **Байқау**

## «ӘН АРҚАУ» ӘУЕЛЕТТІ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында аудан орталығында аудандық жастар ресурстық орталығының және аудандық балалар өнер мектебінің ұйымдастыруымен дәстүрлі «Ән арқау» атты жас орындаушылардың өн байқауы өтті. Ауданның әр түкпірінен қатысқан жас орындаушыларға қойылған талап талантты сазгерлер Талғат Атшыбаев, Қыдырбай Тұрмағанбетов, Сағынғали Нұрғожаевтың кез-келген шығармасын орындау болды. Бұл патриоттық шара жыл сайын дәстүрлі түрде жалғасын тауып келеді. Жыл өткен сайын байқауға деген жастардың ынта, ықыласы да ерекше.



Үш сағатқа созылған байқауда бірінші орынды Шетпе лицейінің талантты жас әншісі Баулы Мерей, екінші орынды №7 мектеп лицейдің мұғалімі Сайынова Айгерім, ал үшінші орынды Оңды ауылының жас әншісі Қарабалаева Сымбат иеленді.

Жоғары дәрежеде өткен байқауда қатысушылардың асқан дайындықпен келгендері байқалды. Жерлестеріміздің шығармалары орындалған шақта осындай жастарымыз барда олардың артында қалған мұралары ешқашан өшпейтіні көңілімізді қуантты. Қазақ радиосының «Алтын қорында» сақтаулы қалған сазгерлердің шығармалары балалар өнер мектебінде тағы бір қалықтады.

**Дина ЖОЛДАСБАЙҚЫЗЫ,**  
жастар орталығының маманы



• **Жақсыдан шарапат**

## МЕЙІРІМДІ БОЛАҰЫҚ!

Жаңа оқу жылының басталуына бір ай қалғанда «Мектепке жол» Жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясы өткізіледі.

Акция 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін өтеді. Бұл ауқымды шараның мақсаты – екі ай бойы әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылары мен қараусыз қалған балалардың үздіксіз білім алуларына жағдай жасау. Акция аясында «Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг» университетінің экология және химиялық технологиялар кафедрасының доценті, Маңғыстау облыстық көшбасшы әйелдер қауымдастығының басшысы Р.Махамбетова 1 қыркүйек – Білім күнінде арнайы мектепке келіп, 8 оқушыға оқу-құралдарымен қоса мектеп сөмкелерін табыс етті. Сонымен қатар аудан кәсіпкерлері А.Саликов, Т.Абдуллаева оқушыларға жаңа оқу жылында ыстық лебиздерін білдіріп, оларды қажетті оқу құралдарымен қамтыған болатын.

Бұл «Мектепке жол» акциясына бастауыш сынып ата-аналары да белсенділік танытып, қарлығаш көмектерін ұсынды. Жыл сайын өткізілетін кең ауқымды қайырымдылық шарасынан шет қалмай, әлеуметтік көмек көрсетуді әдетке айналдырған жандарға айтар алғысымыз шексіз. Көңілі жарым, әлеуметтік қолдауды қажет ететін, жүзіне мұң ұялаған балаларымызға мейірімдімізді төгіп, баланың оқуға, білімге деген құлшынысына қанат бітіріп, болашақ өміріне қолымыздан келгенше демеу көрсетсек дейміз.



**Зайра АМАНҚОСОВА,**  
Шетпе гимназиясының әлеуметтік педагогі

## УНИВЕРСИТЕТ – АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА

Елбасы жыл сайынғы Жолдауында жаңа заманға сай білім беру сапасын арттыру міндетін жүктейді. «Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет. Педагогтерді оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек» деген еді Елбасы Н.Назарбаев Жолдауындағы білім саласына қатысты нақты тапсырмаларының бірінде.

Қазір жоғары оқу орындарында жаңартылған стандарт бойынша оқыту мәселесі жолға қойылып отыр. Сонымен қатар қазақстандықтардың болашағы қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде екенін Елбасы үнемі айтып келеді.

Мен қызмет етіп жүрген Эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының бірі. Университет 180 сала бойынша мамандар дайындайды. QS World University Rankings Results 2011 және Top Universities сайтының келтірген деректеріне сүйенсек, университет 2009 жылы 600 орында болған болса, 2010 жылы 501-550 орын аралығына дейін көтерілген. 2012 жылы әлемдік үздік 390-шы университет қатарына енді. Сонымен қатар 72 ірі компания жетекшілері мен кадр бөлімі мамандары арасында жүргізілген сауалнама негізінде жасалған «Рейтинг.kz» зерттеу орталығы жүргізген зерттеудің қорытындысы бойынша Эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 41,7 пайыз жинап, 5 орынға көтеріліп тұр. Бұл дегеніміз университеттің студенттерге берген білім сапасы мен ондағы оқытушылардың жоғары дәрежеде екенін көрсетеді.

Жолдауда білім сапасын жақсарту басымдығы атап көрсетілген. Әлемдегі ақпараттың 90%-ы ағылшын тілінде тарайтындықтан жоғары сыныптарда барлық негізгі пәндерді ағылшын тіліне ауыстырудың мәні мен маңызы туралы терең түсіндіріледі. Үш тұғырлы тілді меңгерген жастарға өздерінің қалаған жоғары оқу орнында да тіл мәселесінде қиындық туындамайды және дәрежесі жоғары оқу орнында білім алып, дамыған озық елдердің қатарына кіруге өз үлестерін қосары сөзсіз. Елбасының әр жылғы Жолдаулары – мемлекетіміздің болашаққа қарай бағытының түзу болуына негізделген негізгі нұсқаушы құжат. Ал ондағы тапсырмалар әр азаматтың келешегінің кемел де жарқын болуына барлық мүмкіндіктерді тудыратыны айқын.

**Зарипа АДАНБЕКОВА,**  
Эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мұғалімі

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – АДАМ БОЙЫНДАҒЫ АСЫЛ ҚАСИЕТТЕРДІҢ БІРІ

Республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы Шетпе лицейінде «Балаға мейірім сыйла!» айдарымен өткізілді.

Екі айға созылған қайырымдылық шарасында Шетпе лицейінің Х.Жалжанов, Ж.Айназарова сынды көптеген ата-аналары қаржылай көмек көрсетті. Бұл шараға лицей мұғалімдері де атсалысты. Жиналған қаражатқа комиссия мүшелерінің ұйғарымымен лицейдегі әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға оқу құралдары мен қажетті жабдықтар алынып берілді.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымдылықты өзін көресің» деген, қазағымның қайырымдылығы – ең ізгі қасиеттерінің бірі. Адам өміріндегі игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Тәуелсіздікті баян ету – аңсар мұратымыз, өтелі шақтағы қиындықтарды жеңу – азаматтық міндетіміз, ал тұрмысы төмен азаматтарға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету – адамгершілік парызымыз» деген еді.

Жақсылық жасау – имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың белгісі. «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса» деген халқымыздың игі дәстүрі осындай қайырымдылық шаралармен жалғасын тауып келеді.

«Балаға мейірім сыйла!» қайырымдылық акцияның мақсаты – көп балалы отбасылардың балалары мен аз қамтылған отбасылардың,



күнкөрісі төмен, көп балалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету. «Кең болсаң, кем болмайсың» дегендей, бала көңілін қуанышқа бөлейтін мейірімдіміз бен қайырымдылығымыз әркез ұрпақтан ұрпаққа жалғасын таба берсін. Халқымыздың игі дәстүрін жалғастырып, акцияға үлес қосқан азаматтарға айтар алғысымыз шексіз.

**Гүлмира КЕТЕШОВА,**  
Шетпе лицейінің әлеуметтік педагогі